2021 жылғы «10» қарашадағы № 10
«KazakhExport» ЭСК» АҚ-тың
Директорлар кеңесінің хаттамасына
№ 11 қосымша

2021 жылғы «10» қарашадағы (№10 хаттама)
«KazakhExport» ЭСК» АҚ-тың
Директорлар кеңесінің шешімімен
«Бекітілді»

«KazakhExport» ЭСК» АҚ аккредитивтерін сақтандыру қағидалары

(2022 жылғы 23 желтоқсандағы мәліметтер бойынша өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып)

Нұр-Сұлтан қ., 2021 ж.

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» ЭСК» АҚ аккредитивтерін сақтандыру қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискіге ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату

Мазмұны

1 тарау. Жалпы ережелер	4
2 тарау. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер	4
3 тарау. Сақтандыру объектісі	7
4 тарау. Сақтандыру жағдайлары	7
5 тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер	8
6 тарау. Кепілдіктер	9
7 тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	10
8 тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	11
9 тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	12
10 тарау. Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және төлеу	12
11 тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	13
12 тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	15
13 тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті	15
14 тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар көлемін растайтын құжаттардың тізбесі	16
15 тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	17
16 тарау. Сақтанушыны хабардар ету және сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімдері	18
17 тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	19
18 тарау. Суброгация	20
19 тарау. Қосымша шарттар	20
20 тарау. Дауларды шешу тәртібі	20

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Аккредитивтерді сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына және ішкі құжаттарына, 2007 жылғы редакциядағы немесе соңғы қолданыстағы редакциядағы UCP 600 құжаттамалы аккредитивтері үшін біріздендірілген қағидалар мен әдеттерге сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалардың мақсаты сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде осы Қағидалардың 4 тарауында көрсетілген жағдайлардың туындау тәуекелдерінен аккредитивтерді (бұдан әрі - аккредитив) сақтандырудың үлгілік шарттарын айқындау болып табылады.

3. Осы Қағидалардың шарттарында «KazakhExport» ЭСК» АҚ (бұдан әрі – Сақтандырушы) аккредитивтерді сақтандыру шарттарын жасасады.

2 тарау. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер

4-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

4. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар мен ұғымдар пайдаланылады:

аккредитив - қалай аталса да немесе белгіленсе де, қайтарылмайтын болып табылатын кез келген келісім және эмитент банктің резервтік аккредитивтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, тиісінше ресімделген ұсынымға сәйкес құжаттар бойынша төлем міндеттемесін орындау бойынша берік міндеттемесін білдіреді;

акцепт - бенефициар аккредитив бойынша төлеуге ұсынған құжаттарды сақтанушының қабылдауы немесе бенефициар айырмашылықтармен ұсынған құжаттарды аппликанттың қабылдауы;

аппликант - өтініші бойынша аккредитив шығарылған, аккредитив тарабы;

эмитент-банк - аппликант атынан немесе өз атынан өтініш бойынша аккредитив шығаратын банк;

қайтарып алынбайтын аккредитив - эмитент-банк, растаушы банк және бенефициардың келісімінсіз өзгертіле немесе жойыла алмайтын аккредитив;

бенефициар -пайдасына аккредитив шығарылған заңды немесе жеке тұлға;

төлем міндеттемесін орындау-егер аккредитив ұсыну бойынша төлем жолымен орындалса, ұсынғаннан кейін төлеу; кейінге қалдырылған төлемді жүргізу және егер аккредитив кейінге қалдырылған төлем жолымен орындалса, мерзім басталғаннан кейін төлеу міндеттемесін өзіне қабылдау; бенефициар жазып берген аударым векселін (траттаны) акцептеу және егер аккредитив акцепт жолымен орындалса, мерзім басталғаннан кейін төлеу;

мемлекеттік орган – Конституциямен, заңдармен, өзге де нормативтік актілермен мемлекет атынан мынадай функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме:

1) жалпыға міндетті тәртіп қағидаларын айқындайтын актілерді шығару;
2) әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару және реттеу;
3) мемлекет белгілеген жалпыға міндетті тәртіп қағидаларының қадағалануын бақылау;

банкаралық қарыз шарты- сақтанушы мен эмитент банк арасындағы атауы немесе белгіленуі кез-келген келісім, оның талаптарына сәйкес сақтанушы эмитент- банкке осы келісімде көзделген көлемде және шарттарда ақшалай қаражат (қаржыландыруды) береді, ал эмитент-банк алынған ақшалай соманы уақтылы қайтаруға және сыйақыны төлеуге міндеттенеді. Банкаралық қарыз шарты SWIFT байланыс арнасы бойынша аутентификацияланған хабарлама түрінде болуы мүмкін;

сақтандыру шарты- аккредитивті сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтанушыға сақтандыру шартында белгіленетін сақтандыру сомасының сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;

сақтандыру өтемінің үлесі- сақтандыру оқиғаларының түрлері бойынша шартта белгіленетін сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандырушы өтейтін, келтірілген шығындар сомасының пайызы;

атқарушы банк -эмитент-банк аккредитив бойынша төлем міндеттемесін орындауға немесе тиісінше ресімделген ұсынымды негоциациялауға уәкілеттік берген банк;

кредиттік лимит -әрбір эмитент-банк үшін жеке белгіленетін, сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру қорғауы өтейтін міндеттемелердің ең жоғарғы рұқсат етілетін көлемінің сомасы. Кредиттік лимит жаңартылатын негізде белгіленеді және жиынтығында эмитент-банктің барлық аккредитивтері бойынша сақтандыру сомасының көлемінен аспайды;

келісімшарт -бенефициар мен аппликант арасындағы қазақстандық тауарлардың және/немесе жұмыстардың және/немесе қызметтердің экспортына жазбаша келісім;

тиісінше ресімделген ұсыным -аккредитив шарттарына, Құжаттамалық аккредитивтер үшін біріздендірілген қағидалар мен әдеттердің және Банктік практиканың халықаралық стандарттары қолданылатын ережелеріне сәйкес келетін құжаттарды ұсыну;

негоциация -атқарушы банктің аванс беру немесе бенефициарға аванс қаражат беруге келісім беру арқылы тиісінше ресімделген құжаттарды және/немесе тратталарды (банкке атқарушы банктен басқа банкке жазып берілген) сатып алуы;

сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі- сақтандыру шартында белгіленген, сақтандыру жағдайы орын алуы мүмкін уақыт кезеңі;

күту кезеңі - осы сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі, бұл кезең аяқталғаннан кейін сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі. Күту кезеңі сақтандырушы сақтанушыдан мерзімі кешіктірілген төлем туралы хабарлама алғаннан кейінгі келесі күні басталады;

растау -эмитент-банктің аккредитив бойынша төлем міндеттемесін орындау немесе тиісінше ресімделген ұсынымды негоциациялау міндеттемесіне қосымша растаушы банктің нақты міндеттемесі;

растаушы банк -эмитент-банктің төлем міндеттемесін орындау немесе аккредитив талаптарына сәйкес тиісінше ресімделген ұсынуды негоциациялау міндеттемесіне қосымша өзіне міндеттеме қабылдайтын банк;

резервтік аккредитив- жекелеген түрде көрсетілмесе де, берілгеннен кейін міндетті сипатқа ие болатын, қайтарып алынбайтын, тәуелсіз жазбаша міндеттеме;

сақтанушы -сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан және растаушы және/немесе орындаушы және/немесе қаржыландырушы банк және/немесе аккредитивтің бенефициары ретінде әрекет ете алатын банк;

сақтандыру төлемі -сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақшалай сома;

сақтандыру арқылы қорғау- сақтандыру сыйлықақысын төлегені үшін сақтанушының мүліктік мүдделерін қорғау;

сақтандыру мүддесі- сақтандыру жағдайының туындау тәуекелдерін болдырмауда және туындауына жол бермеуде сақтанушының мүліктік мүддесі;

сақтандыру сыйлықақысы -сақтандырушы сақтандыру шартында айқындалған талаптарда және мөлшерде сақтанушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

сақтандыру тәуекелі -орын алған жағдайда сақтандыру шарты жасалатын сақтанушы үшін залалға әкеп соғатын болжамды оқиға (сақтандыру жағдайы);

сақтандыру жағдайы -сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді көздейтн

оқиға;

сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыруөтемінің үлесін ескере отырып, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома. Сақтандыру сомасы валютасының түрі сақтандыру шартында айқындалады. Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі сақтандыру шартында көрсетіледі;

сақтандыру тарифі -сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бір бірлігінен өндіріп алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандырушы әзірлеген тариф;

залал -эмитент-банктің аккредитив бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себебінен туындайтын сақтанушының залалы. Осы Қағидалар шеңберінде шығын дегеніміз эмитент-банк аккредитив талаптары бойынша сақтанушының пайдасына төлеуі тиіс ақшалай сома. Залал анықтамасына эмитент-банктің сақтанушының алдында: жіберіп алған пайданы; тұрақсыздық айыбын, айыппұлдарды, өсімпұлды; эмитент-банктің аккредитив талаптары бойынша ақшалай сомаларды жоғарыда көрсетілген төлемдері болып табылмайтын есептелген және мерзімі кешіктірілген сыйақыны, комиссияларды және өзге де осыған ұқсас төлемдерді; эмитент-банктің сақтанушы алдындағы қандай да бір берешегін өндіріп алу үшін өтініш жасауына байланысты, оның ішінде сот мекемелеріне өтініш жасауына байланысты сот шығындарын; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген шығындарды өтеу (төлеу) бойынша берешегінің туындауы кірмейді;

уәкілетті орган- белгіленген лимиттер шеңберінде сақтандыру қорғауын және сауданы қаржыландыруды ұсынуға қатысты, сондай-ақ сақтандыру және сауданы қаржыландыру жөніндегі құжаттарды бекіту шешімін қабылдайтын сақтандырушының алқалы органы;

экспорттаушы -Қазақстан Республикасында өндірілген тауарлар және/ немесе жұмыстар және/немесе көрсетілетін қызметтердің экспортына келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы/дара кәсіпкері немесе Қазақстан Республикасында өндірілген тауарлар және/немесе жұмыстар және/немесе көрсетілетін қызметтердің экспортын тартатын операциялар бойынша шетелдік заңды тұлға;

UCP (Uniform Customs and Practices for Documentary Credits) – Халықаралық сауда палатасының Банк комиссиясы әзірлеген және бекіткен аккредитивтер нысанындағы халықаралық есеп айырысу тәжірибесін қағидалар түрінде жинақтап қорытқан және тұжырымдайтын құжаттамалы аккредитивтер үшін біріздендірілген қағидалар мен әдет-ғұрып;

ISP (International Standby Practice) – резервтік аккредитивтердің жалпы бірдей қабылданған тәжірибесін, әдет-ғұрпын және қолданылуын көрсететін резервтік аккредитивтерге арналған біріздендірілген қағидалар;

ISBP (International Standard Banking Practice) - UCP-ге сәйкес құжаттарды тексеруге арналған халықаралық стандартты банктік практика аккредитивтік процесс шеңберінде құжаттарды тексеру барысында бүкіл әлемдегі банктер қолданатын қалыптасқан тәсілдер мен рәсімдерді ең өзекті жалпылау;

SWIFT хабарламасы- SWIFT төлемдерін жасау және аутентификацияланған ақпаратты берудің халықаралық банкаралық жүйесі.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағидалардың мәтінінде жекеше немесе көпше түрде, бас әріппен немесе кіші әріппен пайдаланылуына қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

3 тарау. Сақтандыру объектісі

5-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

5. Сақтандыру объектісі эмитент-банк сақтанушы алдында аккредитив бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы нәтижесінде туындайтын залалға байланысты сақтанушының мүліктік мүддесі болып табылады.

4 тарау. Сақтандыру жағдайлары

6. Сақтандырушы осы Қағидалардың талаптарына сәйкес эмитент-банктің сақтанушының алдындағы аккредитивтерге қатысты міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты және осы тараудың 7 және 8-тармақтарында тізімделген бір немесе бірнеше оқиғалардың басталуы нәтижесінде болған шығыннан сақтандыру қорғанысын ұсынады:

7. Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

1) экспроприациялау, алып қою, реквизициялау немесе тыйым салу, тәркілеу бойынша аккредитив эмитент- банкі елінің мемлекеттік органының әрекеті немесе аккредитивті орындауға кедергі келтіретін эмитент-банктің қызметіне араласу;

2) Қағидалардың 5 тарауы 13 тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, соғыс, азаматтық (халықтық) толқулар, эмитент-банк еліндегі жаппай сипаттағы тәртіпсіздік, аккредитив бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігін бермейтін эмитент-банк елінен ақша аударуға тыйым салулардың болуы;

3) эмитент-банк елінің мемлекеттік органының немесе оның корреспондент- банкінің аккредитив бойынша еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлем аударуды шектейтін немесе оған тыйым салатын әрекеті.

8. Коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

1) эмитент-банктің банкроттығы;

2) сақтанушыға эмитент-банктен төлемді аккредитив талаптарымен айқындалатын мерзімде, тәртіппен және көлемде орындамау немесе тиісінше орындамау.

9. Сақтандыру шартындағы сақтандыру оқиғаларының тізбесі осы тарауға сәйкес көрсетіледі, бұл ретте сақтандыру шартында өзге де сақтандыру оқиғалары көзделуі мүмкін.

10. Осы тарауда және сақтандыру шартында айқындалған және сақтанушыға залал келтірген бір немесе бірнеше сақтандыру оқиғаларының орын алу фактісі сақтандыру жағдайы болып табылады.

11. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде тізімделген барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның орын алуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі залалдар көлеміне қатысты болжанбайтындығы;

3) тараптары немесе, ең болмағанда, сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, оқиға сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде орын алу мүмкіндігі тәуекелінің болмауы;

4) оқиғаның орын лауы сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарға ие;

5) оқиғаның орын алуы сақтанушының ерік білдіруіне және (немесе) пиғылына байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтысқа ие болу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемейді.

5 тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер

12. Егер сақтандыру жағдайы төмендегінің салдарынан болса, сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша жауапкершіліктен босатылады:

1) сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) заң актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себептік байланыста болатын қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған сақтанушының іс-әрекеттері.

13. Егер сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, сақтандыру қорғауымен мынадай жағдайлардың нәтижесінде туындаған залалдар өтелмейді:

13-тармақтың 1) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

1) сақтанушы тарапынан аккредитивтермен операциялар жүргізуді реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының кез келген түрде бұзылуы немесе сақтанушы тарапынан құжаттамалық аккредитивтерге арналған біріздендірілген қағидалар мен әдет-ғұрыптардың (UCP 600, 2007 жылғы редакция немесе соңғы қолданыстағы редакция), резервтік аккредитивтерге арналған біріздендірілген қағидалардың (ISP98, 1998 жылғы редакция немесе соңғы қолданыстағы редакция), сол сияқты Халықаралық сауда палатасы жариялайтын, аккредитивпен себептік байланыста болатын, сақтандыру жағдайының туындауына тікелей әкеп соққан басқа халықаралық әдет- ғұрыптар мен қағидалар, стандарттар, практикалардың бұзылуы;

2) эмитент-банк аппликант тарапынан айырмашылықтары бар құжаттардың акцептін алған кезде эмитент-банк тарапынан төлемнің төленбеу немесе кешіктірілуін қоспағанда, аппликант тарапынан айырмашылықтар бар құжаттарды акцептеуге келісім алғаннан кейін ғана төлем төленетіні туралы эмитент-банктің ұсынылған құжаттары мен растауы бойынша айырмашылықтарды жариялау нәтижесінде туындаған эмитент-банк тарапынан аккредитив бойынша төлемнің төленбеуі немесе кешіктірілуі;

3) радиацияның және/немесе радиоактивті зақымдану, ядролық қаруды пайдалану, уытты заттарды қолдану немесе олардың ағып кетуінің тікелей немесе жанама әсері;

4) Қытай Халық Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі және Француз Республикасы сияқты бес мемлекеттің кез келгені арасындағы соғыс (соғыс қимылдары басталғанға дейін немесе одан кейін тәуелсіз);

5) Сақтанушыға эмитент-банкпен ресми хат алмасуда белгілі болған және сақтанушы тиісті өтініште сақтандырушыны хабардар етпеген, сақтандыру шартын жасасу күні орын алған, осы Қағидалардың 4-тарауы 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік органның іс-әрекеттері;

6) Сақтанушыға эмитент-банкпен ресми хат алмасуда белгілі болған және сақтанушы тиісті өтініште сақтандырушыны хабардар етпеген, сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталған күнге дейін эмитент-банктің елінен сақтанушыға ақша аударуға тыйым салулардың болуы.

14. Егер сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, сақтандырушы сақтанушыға моральдық залалды, сот шығындарын, тұрақсыздық айыбын өтеу бойынша сақтандыру төлемін жүргізбейді.

15. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы үшін мыналар да негіз болуы мүмкін:

1) сақтанушының сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы, сондай-ақ сақтанушының сақтандырушыдан сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін сақтандыру объектісі, эмитент-банк, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы кез келген елеулі фактілерді, жайттарды және/немесе талаптарды жасыруы;

15-тармақтың 2) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

2) Осы Қағидалардың 6-тарауының 17-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, сақтанушының орын алған жағдайда сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту бойынша ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы;

3) сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы сақтандырушыны сақтанушыға

осындай сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен астам мерзімге кешіктіріп хабардар ету немесе хабардар етпеу;

4) сақтанушының аккредитивте көзделген мерзімде төлемді орындау үшін жауапты эмитент-банкке өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап қою құқығы сақтандырушыға ауысуы үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;

5) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жайттарын тергеуде және оған келтірілген залалдың көлемін анықтауда кедергі жасауы;

6) сақтанушының эмитент-банктен немесе кез келген үшінші тұлғадан (эмитент-банктен басқа) тиісті залалды өтеуін толық көлемде алуы;

7) сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алуына әкеп соққан, осы Қағидалардың 6-тарауында көрсетілген қандай да бір кепілдіктерді сақтамауы;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да жағдайлар.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес 15-тармақ 9) тармақшамен толықтырылды.

9) сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасынан бірінші/кезекті сақтандыру жарнасын төлегенге дейін немесе сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлегенге дейін сақтандыру жағдайының басталуы.

16. Егер эмитент-банк сақтанушының аккредитив бойынша қандай да бір міндеттемелерін орындамау себептері бойынша жайттар түпкілікті анықталғанға дейін сақтанушыға төлемді негізді ұстап қалуды талап етсе, сақтандырушы сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы.

6 тарау. Кепілдіктер

17. Сақтанушы мынаған кепілдік береді және келіседі:

1) оған тиісті сақтандыру шартын жасасу күніндегі сақтандыру жағдайына алып келуі мүмкін қандай да бір талаптар, шарттар немесе оқиғалар туралы белгісіз және сақтанушының пікірі бойынша барлық ұсынылған ақпарат шынайы және дұрыс болып табылады, сондай-ақ тиісті сақтандыру шартын жасасу күні сақтанушыға белгілі ешқандай маңызды ақпарат сақтандырушыдан жасырылмаған;

2) эмитент-банк пен сақтанушы арасындағы аккредитив бойынша операция заңнамалық және өзге де нормативтік - құқықтық актілерге, сондай-ақ аккредитивті орындау кезінде қадағалануы тиіс халықаралық келісімдерге, әдет-ғұрыптар мен қағидаларға, практикаларға, стандарттарға толық сәйкес жүзеге асырылды;

17-тармақтың 3) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

3) ол сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кезінде барлық жауапкершілікпен және сақтандыру шартын жасамаған жағдайдағыдай әрекет етеді және залалды болдырмау, азайту және/немесе өтеу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайтын болады, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей:

– сақтандырушымен келісім бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанға дейін және/немесе кейін барлық ықтимал шаралар, оның ішінде қол жетімді болуы және қабылдануы мүмкін, рұқсат етілетін және орынды болып табылатын дипломатиялық, заңды, әкімшілік шаралар;

– валюта айырбастау және ақша аудару шаралары;

– сақтандырушы өтейтін мәмілелерден болатын кез келген залалға немесе сақтандырушының келісімінсіз ықтимал залалға қатысты қандай да бір шарттар жасасуға жол бермеу;

– Қазақстан Республикасының заңнамасын қадағалай отырып, жазбалар мен құжаттарға, сондай-ақ куәгерлерге қол жеткізуді қоса алғанда, сақтандыру жағдайын тергеуде барынша жәрдемдесу;

4) аккредитивті орындау жөніндегі операцияда сақтанушы бенефициар болып табылатын және растауды талап етпейтін резервтік аккредитивтерді қоспағанда, ол растаушы банк және/немесе орындаушы және/немесе қаржыландырушы банк болып табылады;

5) ол сақтандырушыны алдын ала хабардар етпей және оның келісімінсіз аккредитив бойынша операцияға елеулі өзгерістер әкелуі мүмкін қандай да бір іс-әрекеттер қабылдамайды;

6) сақтанушы бенефициар болып табылатын резервтік аккредитивтерді қоспағанда, пайдасына аккредитив бойынша орындау жүзеге асырылатын бенефициар шығарылған елі Қазақстан Республикасы болып табылатын тауарлар және/немесе жұмыстар және/немесе қызметтерді экспорттаушы болып табылады.

18. Сақтанушы құпиялылықтың сақталуына кепілдік береді, яғни ол қандай да бір уақытта сақтандырушының келісімінсіз эмитент-банкті қоса алғанда, қандай да бір үшінші тарапқа сақтандыру шартының болу фактісін ашпайды.

7 тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

19. Сақтанушы мен бенефициар (қажет болған жағдайда) талап етілетін лимит және/немесе бір жолғы мәміле сомасына бекітілген өтініш нысандарына сәйкес сақтандырушыға аккредитивтерді сақтандыруға өтініш жібереді. Өтініштердің нысандарын сақтандырушының уәкілетті органы бекітеді.

20. Сақтандырушы сақтанушы ұсынған өтінішті қарайды және сақтандырушының уәкілетті органы оң шешім қабылдаған жағдайда, бұл туралы сақтанушыға уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды. Уәкілетті орган сақтандырудың жиынтық лимитін белгілеу бойынша және біржолғы мәмілені сақтандыру бойынша да шешім қабылдай алады.

21. Сақтанушы сақтандырушыдан сақтандыру және/немесе қаржыландыру мүмкіндігі туралы хабарлама алғаннан кейін эмитент-банкке хабарлайды және шығарылатын аккредитивтің мәтінін келіседі. Қажет болған жағдайда аккредитив мәтіні сақтандырушымен де келісіледі.

22. Эмитент-банк аккредитив шығарғаннан кейін сақтанушы сақтандырушыға шығарылған аккредитивтің мәтінін және шығарылған аккредитив сомасына бекітілген нысан бойынша өтінішті жібереді, содан кейін сақтанушы мен сақтандырушы сақтандыру шартына қол қояды.

23. Сақтанушы бенефициар болып табылатын резервтік аккредитивтерді қоспағанда, сақтанушы өзінің растауын қосады (егер аккредитив талаптарымен талап етілсе) және бенефициарға аккредитивті растайды.

24. Сақтанушы бенефициар болып табылатын резервтік аккредитивтерді және аккредитив талаптары тауарды тиеуге және/немесе қызметтер көрсетуге және/немесе жұмыстарды орындауға дейін құжаттарды ұсынуға рұқсат беретін жағдайларды қоспағанда, бенефициар тауарды тиейді және/немесе қызметтер көрсетеді және/немесе жұмысты орындайды және сақтанушыға құжаттарды аккредитив талаптарына сәйкес ұсынады.

25. Сақтанушы бенефициар ұсынған құжаттарды тексереді және олар аккредитив талаптарына сәйкес келген жағдайда, сақтанушы бенефициар болып табылатын резервтік аккредитивтерді қоспағанда, бенефициарға ақы төлейді. Одан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде растаушы құжаттарды ұсына отырып, жүргізілген төлем туралы сақтандырушыны хабардар етеді.

26. Сақтандыру шарты мынаны қамтуы керек:

1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;

2) сақтанушының (егер жеке тұлға болып табылса) тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және тұрғылықты жері немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер заңды тұлға болып табылса);

3) сақтандыру объектісін көрсету;

4) сақтандыру жағдайын көрсету;

5) сақтандыруға қабылданған тәуекелдер бойынша сақтандыру өтемінің үлесі;

6) сақтандыру сомасының көлемі;

7) сақтандыру төлемін төлеудің тәртібі мен мерзімдері;

8) сақтандыру сыйлықақысының көлемі, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;

9) шарттың жасалған күні және қолданылу мерзімі;

10) егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болып табылса, сақтандырылушы және пайда алушы туралы нұсқаулар;

11) шарттың нөмірі, сериясы;

12) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;

13) сақтанушының өзіне белгілі болған, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті;

14) сақтанушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;

15) сақтандыру сомасы валютасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының түрі;

16) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және сақтанушы экономикасының секторын көрсету;

17) сақтандыру шартында сақтандырылған тұлға (пайда алушы) көрсетілген жағдайда, егер сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандырылған тұлғаның (пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;

18) сақтандыру мүддесінің болуы.

27. Егер сақтандыру шарты сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы аккредитивтерді сақтандыру туралы бас келісім шеңберінде жасалатын болса, сақтандыру шартында осы Қағидалардың 26-тармағы 1) – 6), 8) – 11), 15), 17) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру объектісіне қатысты ақпарат қамтылуы мүмкін. Барлық қалған тармақтар аккредитивтерді сақтандыру туралы бас келісімде көрсетіледі.

28. Сақтанушы сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

29. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық еместігі үшін сақтандырушы жауапкершілік көтереді. Сақтандыру шартының жекелеген талаптарының толық болмауынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі. Осы тармақтың талаптары қайта сақтандыру шарттарына қолданылмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес 7-тарау келесі редакциядағы 29-1-тармақпен толықтырылды.

29-1. Сақтандыру шарттары сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

8 тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

30. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал бөліп төлеген жағдайда - сақтандыру сыйлықақысының бірінші бөлігін төлеген кезде, егер сақтандыру

шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

31. Сақтандыру қорғауы сақтандырылған аккредитив шеңберінде ұсынылған құжаттардың әрбір жиынтығына қатысты қолданылады. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі тиісті шартта көрсетілген күннен бастап және аккредитивтің аяқталу және/немесе аккредитив бойынша қаржыландыру мерзімінің аяқталу күнімен аяқталатын уақыт кезеңіне (оның ішінде құжаттардың әрбір жиынтығына қатысты) тең. Егер аккредитивтің аяқталу күні және/немесе құжаттарды ұсыну үшін соңғы күн және/немесе қаржыландырудың аяқталу күні және/немесе төлем күні және/немесе сақтандырылатын аккредитив шеңберінде кейінге қалдырылған төлем күні жұмыс істемейтін күнге келетін болса, онда көрсетілген күн автоматты түрде одан кейінгі жұмыс күніне ауыстырылады, тиісінше сақтандыру шартының және / немесе сақтандыру қорғауының қолданылу мерзімі осы күнді ескеруі тиіс.

32. Сақтандыру шарты осы Қағидалардың 17-тарауына сәйкес өз қолданысын тоқтатады.

33. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

9 тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

34. Сақтандыру сомасы эмитент-банктің аккредитив бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы нәтижесінде сақтанушы көтеруі мүмкін залал сомасы шегінде сақтандыру шарты тараптарының келісімімен белгіленеді.

35. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру сомасының көлемі аккредитив сомасын негізге ала отырып, тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

10 тарау. Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және төлеу

36. Сақтандыру шарты бойынша төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының көлемі сақтандырушы айқындайтын сақтандыру тарифіне сәйкес есептеледі.

37. Сақтандыру тарифі жылдық немесе біржолғы түрде қолданылуы мүмкін.

38. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру тарифіне байланысты:

1) сақтандырудың бүкіл мерзіміне есептелген және бір жолы бір сомамен төленуі;

2) аккредитивті орындау фактісі бойынша бүкіл қолданылу мерзіміне және/немесе оның бір бөлігіне есептелуі және бір сомамен және/немесе бөліктермен төленуі;

3) қаржыландыру ұсынылған сәттен бастап есептелуі және аккредитивті орындау фактісі бойынша төленуі мүмкін.

39. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушы төлеуге берген шоттың негізінде немесе қол қойылған тиісті сақтандыру шартының негізінде төлейді. Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге арналған шот сақтандыру шартына қол қойылғанға дейін және кейін берілуі мүмкін.

40. Егер сақтандыру өтемі бөлінетін аккредитивке қатысты берілсе, онда сақтандыру сыйлықақысы бенефициардың тауарларды тиеп жөнелту және/немесе қызметтерді көрсету және/немесе жұмыстарды орындау және бенефициар аккредитив бойынша ұсынған құжаттарды сақтанушының акцептеу фактісі бойынша сақтанушы төлейтін сақтандыру сыйлықақысы бөліктерінің сомасын құрайды.

41. Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі сақтанушы сақтандыру тарифіне акцептеген құжаттар сомасынан сақтандыру өтемі үлесінің қосындысы ретінде есептеледі.

42. Сақтандыру сыйлықақысы / сақтандыру сыйлықақысының бөліктері сақтандырушыдан төлем шотын алғаннан кейін немесе тиісті сақтандыру шартына қол қойылғаннан кейін, алайда тиісті сақтандыру шартында көрсетілген күннен кешіктірмей 5

(бес) жұмыс күні ішінде төленеді. Төлем шоты мынадай шарттардың бірі болған кезде беріледі:

1) тиісті сақтандыру шартына қол қойылғаннан кейін;

2) сақтанушы сақтандырушыға ұсынылғаннан кейін аккредитив орындалатын құжаттар жиынтығының көшірмесін ұсынған жағдайда;

3) аккредитив бойынша жүргізілетін / жүргізілген төлемнің сомасы мен күнін көрсете отырып, сақтанушыға жазбаша немесе электрондық хабарлама жіберген жағдайда;

4) сақтандырушыға шартты салымды орналастыру туралы өтінішті жіберген жағдайда.

Сақтанушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды немесе хабарламаны акцептелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандырушыға жібереді.

43. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында көрсетілгендей, бір рет немесе ішінара қолма-қол ақшасыз нысанда төлеуі тиіс. Егер аккредитив сомасы шетел валютасында белгіленсе, сақтандыру сыйлықақысы шот ұсыну күніне немесе тиісті сақтандыру шартына қол қойылған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген осы шетел валютасына теңге бағамы бойынша төленеді.

44. Сақтандыру сыйлықақысының көлемі сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу арқылы сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру сомасы өзгерген кезде түзетілуі мүмкін.

45-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

45. Егер сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге шот шығарған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде немесе тиісті сақтандыру шартына қол қойылған күннен бастап сақтанушыдан сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру сыйлықақысының мерзімі өткен бөлігінің және (немесе) осындай төлем күні басталса, сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігінің) төлемі келіп түспеген жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылуын тоқтатады. Бұл жағдайда сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру шартының тоқтатылғаны және Қағидалардың 17-тарауына сәйкес сақтандыру шартын бұзу туралы келісімге қол қою қажеттігі туралы жазбаша хабарлайды.

46. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне сәйкес алынып тасталды (№14 хаттама).

47. Сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігі уақтылы төленбеген жағдайда сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және көлемде тұрақсыздық айыбын төлеуін талап етуге құқылы.

11 тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

48. Сақтанушы мынаған құқылы:

1) эмитент-банк шығарған аккредитивті растау және/немесе қабылдау алдында сақтандырушымен сақтандыру талаптарын келісу;

2) сақтандырушыдан осы Қағидалар бойынша сақтандыру шарттарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;

3) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

4) келтірілген залалдың мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану;

5) келтірілген залалдың көлемін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі көлемінің есептерімен танысу;

6) сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе оның көлемін азайту туралы шешімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен даулау;

7) осы Қағидаларда және сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау.

49. Сақтанушы мынаған міндетті:

1) қандай да бір негіздер бойынша сақтандырушының келісімінсіз үшінші тұлғаларға аккредитив бойынша сақтандыру қорғауымен жабылмаған тәуекелдің меншікті үлесін бермеу;

2) сақтандырушының міндеттемелеріне, яғни соманың өзгеруіне және аккредитив мерзіміне айтарлықтай әсер етуі мүмкін аккредитив шарттарының өзгеруін сақтандырушы үшін кез келген қолайлы тәсілмен келісу;

3) сақтандыру оқиғасы туралы білген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде сақтандырушыны сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы жазбаша хабардар етуге міндетті;

4) осы Қағидалардың 6-тарауында тізімделген барлық шарттарға мүлтіксіз кепілдік беру және оларды орындау;

5) аккредитивті ашуға (шығаруға) және растауға және ол бойынша міндеттемелерді орындауға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясының болуы;

6) сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан туындауы мүмкін шығын сомасына сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру қорғауымен жабылмаған көлемде қатысу;

7) сақтандырушыға сақтандыру шартын жасау және орындау үшін қажетті барлық мәліметтерді ұсыну;

8) төмендегі фактілер анықталған кезде сақтандырушыны 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар ету:

- сақтанушы аккредитив талаптарында белгіленген мерзім ішінде эмитент-банктен тиесілі төлемді алған жоқ;

- сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын тудыратын эмитент-банктің қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін қандай да бір фактілердің, жайттардың немесе жағдайлардың туындауы;

9) оның ішінде сақтандырушының нұсқауларына сәйкес сақтандыру оқиғасының орын алуын болдырмау және сақтандыру оқиғасы орын алған кездегі шығындардың көлемін барынша азайту, сондай-ақ шығындарды өтеу бойынша барлық шараларды жүргізу;

10) сақтанушы әрқашан сақтандыру шартымен қорғалмағандай әрекет етуге міндетті;

11) сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеу;

12) 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандырушыны сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабардар еткеннен кейін эмитент-банктен аккредитив бойынша қандай да бір төлемді алған кезде сақтандырушыға жазбаша хабарлау;

13) сақтандыру жағдайы орын алғаннан кейін сақтандырушының келісімінсіз эмитент-банкпен қандай да бір келісім жасаспау;

14) сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандырушыға сақтанушы алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған эмитент-банкке талап қою құқығының ауысуын қамтамасыз ету (суброгация);

15) сақтандырушының алдын ала келісімінсіз үшінші тұлғаларға сақтандыру шартының болу фактісін және мазмұнын ашпау;

16) сақтанушының өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлау;

50. Сақтандырушы мынаған құқылы:

1) сақтанушыдан сақтандыру шартын жасасу және іске асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсынуды талап ету;

2) эмитент-банк елінің тиісті мемлекеттік органдарынан сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын фактілерді сұрату;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде шығын көлемін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану;

4) сақтанушының қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдау қажеттілігін көрсете отырып, оның залалын азайту жөніндегі іс-шараларға қатысу;

5) осы Қағидалардың 5-тарауында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тарту;

6) сақтандыру шартының қолданылу мерзімін ұзарту кезінде сақтандыру сыйлықақысының және сақтандыру тарифінің сомасын ұлғайту;

7) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау.

51. Сақтандырушы мынаған міндетті:

1) сақтанушыны осы аккредитивтерді сақтандыру қағидаларымен таныстыру және оның талабы бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсыну (жіберу);

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру құпиясын және сақтандырушыға белгілі болған банк құпиясын қамтамасыз ету;

4) сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды болдырмау немесе азайту үшін жұмсалған шығыстарды өтеу;

5) сақтанушыны сақтандыру төлемін төлеу үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы алдыңғы құжатты алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде хабардар ету.

52. Сақтандыру шартында тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

12 тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

53. Сақтандыру шарттарының кез келгенінің қолданылу кезеңінде, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған жайттардағы, өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға тиіс.

54. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын жайттар туралы хабардар етілген сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

55. Егер сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі сақтандыру шартымен белгіленеді.

56. Сақтанушы осы Қағидалардың 53-тармағында көрсетілген талаптарды қадағаламаған жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалды өтеуін талап етуге немесе сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру төлемінің көлемін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға құқылы.

57. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соқтыратын жайттар жойылса, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

13 тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті

58. Сақтандыру жағдайының орын алуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу сақтанушыға жүктеледі.

59. Егер сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде және/немесе оның салдарынан сақтандыру жағдайы орын алса және/немесе сақтандыру жағдайының орын алу тәуекелін ұлғайтатын жағдай мүмкін болса, сондай-ақ сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтанушы:

1) ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін барлық шараларды қолдануы;

2) сақтандыру жағдайының орын алғанын растайтын құжаттарды алу үшін барлық шараларды қолдануы;

3) қысқа мерзімде, алайда сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы білген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, осы оқиға туралы сақтандырушыға ресми хат алмасу арқылы хабарлауға, оған сақтандыру жағдайының жайттары, залалдың түрлері мен болжамды көлемі туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, сақтандырушымен одан арғы іс-қимылдарды келісуі;

4) сақтандырушыға барлық қолда бар құжаттардың көшірмелерін және сақтандыру төлемін төлеу үшін қажетті мәліметтерді ұсыну;

5) сақтандырушыға шығынның себептері мен көлеміне қатысты тергеу жүргізуге, шығынды азайту іс-шараларына қатысуға мүмкіндік беруі керек.

60. Сақтандырушы немесе оның өкілі сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарламасын күтпей-ақ, сақтандыру жағдайын тергеп-тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушы оған бұл жағдайда кедергі жасауға құқылы емес.

61. Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша барлық ақпаратты хабарлауға және сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге тиіс.

14 тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар көлемін растайтын құжаттардың тізбесі

62. Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтанушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша талабының және сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүргізеді.

63. Сақтандыру жағдайы туралы актіні сақтандырушы жасайды.

64. Егер сақтандыру жағдайы туралы өтінішті тексеру кезінде сақтанушыға келтірілген залал сақтандыру жағдайының нәтижесінде болмағаны анықталса немесе сақтандыру жағдайы туралы уақтылы хабарламау салдарынан сақтанушыда туындаған залалдың фактісін, себебін және/немесе осы залалдың көлемін анықтау мүмкін болмаса, сақтандыру жағдайы туралы акт жасалмайды.

65. Нәтижесінде залал келтірілген сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен себебі сақтанушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға ұсынатын мынадай құжаттармен расталуы тиіс:

1) сақтандырушының корпоративтік Интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес сақтандыру жағдайы туралы өтініш;

2) сақтандыру шартының көшірмесі;

3) аккредитивтің көшірмесі (барлық өзгерістермен және толықтырулармен, бар болса);

4) келісімшарттың көшірмесі (бар болған жағдайда, барлық өзгерістермен және толықтырулармен);

5) банкаралық қарыз шартының көшірмесі (бар болса);

6) аккредитив талаптарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, аккредитив талаптарына сәйкес аккредитив бойынша бенефициарға сақтанушы төлеген сомасына немесе бенефициар сақтанушы болып табылатын резервтік аккредитив бойынша эмитент-банкке төленген соманы өтеу (төлеу) қажеттілігі туралы сақтанушының эмитент-банктен жазбаша талабының (хабарландыруының) нотариалды куәландырылған немесе сақтанушы куәландырған көшірмесі;

7) эмитент-банктің аккредитив бойынша берешегі, оның ішінде мерзімі кешіктірілген берешегі туралы сақтанушының анықтамасы;

8) сақтандырушының тиісті талабы болған кезде аккредитив жөніндегі досьеден алған материалдарының нотариалды куәландырылған немесе сақтанушы куәландырған көшірмесі. Бұл ретте сақтандырушы сақтандыру жағдайының орын алуы туралы өтінішті қарау үшін сақтандырушының пікірі бойынша қажетті құжаттардың белгілі бір тізбесін ұсынуы тиіс;

9) эмитент-банктің аккредитив бойынша төлемеуінің ықтимал себептері жазылған, шығын көлемінің есебі қоса берілген және сақтандыру төлемін төлеу үшін сақтанушының банктік деректемелері көрсетілген сақтанушының хаты;

10) аккредитив бойынша бенефициардың ұсынылған құжаттары бойынша бенефициарға немесе сақтанушы бенефициар болып табылатын резервтік аккредитив бойынша эмитент-банкке жүзеге асырылған ақша аударымын растайтын құжат;

11) талап арыздың көшірмесі (бар болса);

12) сақтанушының талап арызы бойынша азаматтық іс қозғау туралы, эмитент-банктен аккредитив бойынша берешек сомасын өндіріп алу туралы сот ұйғарымының түпнұсқасы/көшірмесі (бар болса);

13) сақтанушының аккредитив бойынша берешек сомасын өндіріп алу туралы сот шешімінің түпнұсқасы (бар болса);

14) шығынның себебі мен көлемін растайтын өзге де құжаттар;

15 тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

66. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынғаннан кейін сақтандырушы мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алу фактісі мен себептерін анықтайды;

2) сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді, сарапшыларды, бағалаушыларды тарту қажеттілігін айқындайды, осыған байланысты өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

3) осы Қағидалардың 82-тармағында көрсетілген күту кезеңі ішінде сақтанушымен бірлесіп немесе егер мұндайлар мүмкін болса, шығынды азайту бойынша шараларды өз бетімен қабылдайды;

4) оқиға сақтандыру жағдайы болып танылған кезде сақтандыру төлемінің көлемін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

67. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Қағидалардың 85-тармағында айтылған мерзімде осы Қағидалардың 14-тарауында көрсетілген сақтанушы ұсынған құжаттардың, сондай-ақ сақтандырушы жасаған сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүзеге асырады.

68. Сақтандыру төлемінің көлемі сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемімен шектеледі.

69. Сақтандыру төлемі сақтандыру өтеуінің үлесін ескере отырып, сақтандыру жағдайының орын алуы нәтижесінде сақтанушының шеккен залалы көлемінде жүзеге асырылады:

Сақтандыру сомасы шегіндегі сақтандыру төлемі=шығын*сақтандыру өтелімінің үлесі.

70. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүзеге асырылады. Егер аккредитив сомасы шетел валютасында белгіленсе, онда сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне белгілеген осы шетел валютасына теңге бағамы бойынша жүзеге асырылады.

71. Залалдың көлемі сақтанушы ұсынған құжаттар негізінде тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

72. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін сақтандырушымен талап ету құқығын аккредитив бойынша эмитент-банкке төленген сақтандыру төлемінің көлемінде беру туралы шарт жасасуы тиіс.

73. Егер сақтанушы келтірілген залал бойынша ішінара өтем алған болса, сақтандырушы сақтандыру өтемінің үлесін ескере отырып, келтірілген залал көлемі мен сақтанушы алған өтем арасындағы айырма көлемінде сақтандыру төлемін төлейді.

74. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін келтірілген залал бойынша төлемді немесе өтемді алған сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуынан туындаған сақтанушының залалдар сомасынан асатын бөлігінде сақтандыру төлемінің артық алынған сомасын қайтаруға міндетті.

75. Тараптар арасында залалдың себептері мен көлемі туралы даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Тәуелсіз сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

76. Сақтанушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, сақтандырушы өтеуге тиіс. Мұндай шығыстар нақты көлемде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің жалпы сомасы тиісті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайды. Егер шығыстар сақтанушының сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қарамастан, толық көлемде өтеледі.

77. Сақтандырушы сақтанушының ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

78. Сақтандыру төлемі төмендегі жағдайда жүзеге асырылмайды:

1) егер сақтанушы осы Қағидалардың 14-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда;

2) егер сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын және/немесе сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін тиісті сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімдерде төлемеген жағдайда.

79. Шығынның себебін айқындау мүмкін болмаған жағдайда, осы шығын коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғасы салдарынан туындаған ретінде қаралады.

80. Сақтандыру сомасының көлемінен кем мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайда, сақтандыру қорғауы тиісті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылуын жалғастырады. Бұл ретте сақтандыру сомасының көлемі сақтандыру қорғауының қалған қолданылу кезеңіне жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің көлеміне азайтылады.

16 тарау. Сақтанушыны хабардар ету және сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімдері

81. Сақтандырушы сақтанушыны алдыңғы құжатты алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге тиіс.

82. Сақтандырушы сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін күту кезеңін мынадай тәртіппен белгілейді:

1) банкроттық басталған кезде - қолданылмайды;

2) банкроттықтан басқа коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғасы басталған кезде - кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн;

3) саяси сипаттағы сақтандыру оқиғасы басталған кезде - кемінде 30 (отыз)

күнтізбелік күн.

83. Егер сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негіздеп дәлелдейді және сақтандырушы осындай шешім қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жауап жібереді.

84. Сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту немесе төлеу туралы шешімді күту кезеңі өткен күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қабылдайды.

85. Сақтандырушы сақтандыру төлемін тиісті шешім қабылданған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде төлейді.

86. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтанушы сотқа шағымдана алады.

87. Егер эмитент банк елінің немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары сақтанушының қызметкерлеріне қатысты сақтанушының аккредитивке қатысты қызметіне байланысты қылмыстық іс қозғаса, сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін тергеп-тексеру немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін, сақтанушыны кідірту себептері туралы жазбаша хабардар ете отырып, кейінге қалдыруға құқылы.

88. Егер сақтандырушыда сақтандыру жағдайын немесе шығын мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына уәжді күмән болған жағдайда, мұндай құжаттардың түпнұсқалығын тәуелсіз сарапшы осындай сараптаманың тәуелсіз сарапшысы қол қоятын құжатта айтылған мерзімдерде расталғанға дейін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы.

17 тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

89. Егер сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

1) сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша сақтанушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;

2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандырушының таратылуы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда.

90. Шарт тараптары жеке келісім жасау арқылы шарттың қалған қатысушылары келіскен жағдайда тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

91. Сақтанушы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін) төлемеген жағдайда, сақтандыру шарты сақтандырушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

92. Сақтандыру шарты келесі жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі қолданылуы тоқтатылған жағдайда;

2) сақтандыру жағдайының орын алу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелі сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша тоқтатылған жағдайда;

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енген жағдайда;

Қағидалардың 92-тармағының 4) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

4) егер сақтандырушы сақтандыру төлемінің шотын шығарған күннен бастап немесе тиісті сақтандыру шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде

сақтанушыдан сақтандыру сыйлықақысының (егер осындай төлемнің мерзімі басталса, мерзімі кешіктірілген сақтандыру сыйлықақысының және (немесе) сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігінің) төлемі түспеген жағдайда;

5) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда.

Қағидалардың 93-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

93. Сақтандыру шарты сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде осы Қағидалардың 92-тармағында көзделген жайттар туындаған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, алайда 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, басқа тараптарды жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте, заңнамада немесе сақтандыру шартында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шартын тоқтату фактісі тараптардың Сақтандыру шартын бұзу туралы келісімге қол қоюымен ресімделеді. Бұл ретте мұндай жазбаша хабарлама сақтандыру шартының тоқтатылу фактісін жеткілікті құжаттамалық растау болып табылады, ал сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне құқылы.

94. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, егер бұл осы Қағидалардың 92-тармағында көрсетілген жайттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі қайтарылуға жатпайды.

95. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы сақтандырушының кесірінен талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы сақтанушыға төлеген сақтандыру сыйлықақысын толық қайтаруға міндетті.

18 тарау. Суброгация

96. Сақтандыру төлемін төлеген сақтандырушыға төленген сома шегінде талап ету құқығы өтеді, оған сақтанушы сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты ие болады. Бұл ретте қасақана залал келтірген тұлғаға талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын болдырмайтын шарттың талабы жарамсыз болады.

97. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

Қағидалардың 98-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

98. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша залалдар үшін жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған сақтанушыға сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін өтеу сақтандырушыға сақтандыру төлемінің көлемінен аспайтын мөлшерде тиесілі болады. Сақтанушы осы өтеулер туралы сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандырушыға аударуға міндетті.

99. Егер сақтанушы сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан толық немесе ішінара бас тартса немесе сақтанушының кесірінен осы құқықты жүзеге асыру толық немесе ішінара мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде төлеуден босатылады және артық төленген сақтандыру сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

19 тарау. Қосымша шарттар

100. Осы Қағидалардың негізінде сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы тараптардың келісімі бойынша осы Қағидалардың жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілеріне қайшы келмесе, сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

20 тарау. Дауларды шешу тәртібі

101. Сақтандырушы мен сақтанушы арасында туындайтын сақтандыру шарты бойынша даулар келіссөздер арқылы қаралады.

102. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген кезде дау сақтандырушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

103. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартында өзге соттылық белгіленуі мүмкін.

21 тарау. Қорытынды ережелер

104. Осы Қағидалар Қоғамның барлық қызметкерлері, уәкілетті органдары, құрылымдық бөлімшелері қолдануға және басшылыққа жалпыға міндетті болып табылады.

105. Осы Қағидаларда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, 2007 жылғы редакциядағы (немесе соңғы қолданыстағы редакциядағы) UCP 600 құжаттамалық аккредитивтерге арналған біріздендірілген қағидалар мен әдет-ғұрыптарға, 1998 жылғы редакциядағы (немесе соңғы қолданыстағы редакциядағы) ISP 98 резервтік аккредитивтерге арналған біріздендірілген қағидаларға, банктік практиканың халықаралық стандарттарына және Халықаралық сауда палатасы жариялайтын және Қоғамның ішкі нормативтік құқықтық актілермен белгіленген 2013 жылғы редакциядағы (немесе соңғы қолданыстағы редакциядағы) ISBP 745 халықаралық банктік практиканың басқа да құжаттары мен стандарттарына сәйкес шешілуі тиіс.

106. Қоғам қызметкерлерінің осы Қағидалардың талаптарын тиісінше орындауын бақылау тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

Келісу парағы

Жоба бойынша: «KazakhExport» ЭСК» АҚ аккредитивтерін сақтандыру қағидалары
Әзірлеуші: Сақтандыру департаменті
ІНҚ иесі: Сақтандыру департаменті

Лауазымның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қолы	Қол қойылған күні
Басқарма төрағасының орынбасары	К.А. Мукажанов		
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры	А.К. Нурмухамбетов		
Комплаенс қызметінің басшысы	К.А. Кабсаматов		
Бизнес-аналитика департаментінің директоры	А.Б. Аманбаев		
Тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру андеррайтингі департаментінің директоры	Э.Б. Қуанбаев		
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Л.Г. Шабарбаева		

Сақтандыру департаментінің директоры **А. Маженова**